

Картоп және тамыртүйнектілердің
аурулары кезіндегі
ветеринариялық санитариялық
сараптау

- Картоп ауруларын анықтау және олардың тағамдық құндылығы мен сапасына әсері.
- Тамыртүйнектердің ауруларын анықтау және олардың тағамдық құндылығы мен сапасына әсері.
- Картоп пен тамыртүйнектілердің зиянкестері.

Картоп аурулары

- Картопта бактерия, вирустар, микоплазмалар, саңырауқұлақтардың споралары тындататын өсімдік аурулы.
- Осы аурулардың ішінде ең жиі таралғандары: **Фитофтороз, Актиномикоз, фузариоз, Қара таз, Парша, Сақиналы шірік, Рак т.б.**

Фитофтороз

- **Фитофтороз *Phitophtora*** туыстырына жататын саңырауқулақтары қоздыратын картоп жұқпалы ауруы. Картоппен қоса басқа өсімдіктер де бұл аурумен ауырады.
- Ауру белгісі: Алдымен картоп жапырақтарында қара қоңыр түсті дақтар пайда болады, ол тез арада тамырлар мен түйнектерге таралады. Өсімдіктің сабағы, жапырақтары қурап қалады, ал түйнегі көлемі кішірейіп шіри бастайды.





Картоп сулы шірігі

- Ауруға шалдыққан түйнектер бастапқыда ақшыл, кейін қара қоңыр түсті болады. Зақымданған жерлерде сары қоңыр кілегей зат түзіледі, ал түйнектің қабығы көбінесе сау күйінде қалады. Түйнектер жұмсарып, суланады, жұмсағы жағымсыз иісі бар қойыртпа тәрізді массаға айналады. Күресу шаралары: картопты жинаудан бір-екі апта бұрын сабақтарын шауып тастайды; түйнектерді зақымдамай жинап, кептіру және сақтау үшін қолайлы жағдайлар жасау. «Тізім...» бойынша фунгицидтерді пайдалану қажет.



Картоптың сақиналы шірігі

- Ауру өсіп даму кезеңінің екінші жартысында білінеді. Өсімдіктің жекелеген сабақтары мен олардың жапырақтары сарғайып солады. Ауру сабақтың кесіндісінде өткізгіш ұлпалардың қарайғандығын көруге болады. Егер зақымдалған ұлпаларды қысса созылмалы сары кілегей түріндегі бактериялар шығады. Ауру түйнектерде екі түрде байқалады: түйнектердің шеңберлі шірігі және түйнектердің шұңқырлы шірігі. Шеңберлі шірікпен ауырғанда түйнектің кесіндісінде тұтас немесе үзік-үзік қоңыр шеңберді көруге болады. Бактериялармен зақымдалған ұлпалар жұмсарады, қысқан кезде ақшыл кілегей тамшылар шығады. Шұңқырлы шірікпен ауырғанда түйнек қабығының астында сары түсті, бастапқыда майлы, дөңгелек дақтар түзіледі. Дақтарды түйнектің қабығын алғанда ғана көруге болады. Бактериялар тұқымда сақталады.





Картоп зиянкестері

- **Колорадо қоңызы.** Жер шарының барлық өңірінде таралған картоптың негізгі зиянкесі болып табылады,
- Ұзындығы 9 – 11 мм, сопақтау келген, қанатының үсті қызғылт сары, он қара жолақты сызықтары (әр жағында 5-тен) бар. Жұмыртқаларының ұз. 2,4 мм, ұзынша-сопақтау. Дернәсілдерінің түсі қоңыр-қызыл, ұз. 15 мм-ге дейін жетеді. Жылына 1 – 2, кейде 3 – 4 ұрпақ салады. Қоңыздары мен ірі дернәсілдері топырақта қыстайды, кейбіреулері қайта қыстайды. Қоршаған орта температурасы 12°C-тан асқанда олар тіріледі. Қоңыздардың шығу кезеңі кейде 3 – 4 айға созылады. Қоңыздары мен дернәсілдері картоп, баклажан, қызанақ, т.б-дың жапырақтарын зақымдайды.



Личинка колорадского жука (1 см)



Картоп нематоды

- Картоп нематоды жұмыр құрттар класына жатаын паразит картоптың дамуын аса тежейді, өнімін азайтады, кейде өсімдік солып қалады. Картоп нематоды болмау үшін зақымданбаған және оған төзімді картоп сорттары егіледі. Ауру шыққан жерге 4 жыл картоп нематодына төзімді дақылдар егіледі, кейін немотоцид дәрілерімен өңделген соң картоп егуге болады: картоп нематоды ошағын жоюға хлорпикрин қолданылса, шаруашылыққа карантин салынады

